

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

F 96

F96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Д. ИСАБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДИСКУРС МӘСЕЛЕСІ

Ағыбай Айдана

aidana_56@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Филология факультетінің 2-курс магистранты

Дискурс ұғымы жалпы тіл білімі тарихында ХХ ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап қолданыла бастады. Бұл ұғым төңірегінде дәстүрдегі мектептер қалыптасып, шетелдік зерттеушілер өз құнды пікірлерін білдіріп, еңбектер жаза бастады. Дискурс теориясының қалыптасуына екі дәстүрдегі мектеп өкілдері (американдық мектеп, оның негізін салушы – Франц Бае, чеш лингвистикалық мектебінің негізгі өкілі – Вильям Матезиус) маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар, француз ғалымдары: Э.Бенвенист, Ф.де.Соссюр, М. Пеше, П.Серио т.б; нидерланд лингвист ғалымы: Т.А.ван Дейк; неміс ғалымы: Ю.Хабермас; американ ғалымдары: З.Харрис, А.Н.Хомский, Т.Гивон т.б; орыс ғалымдары: Н.Д.Арутюнова, М.М.Бахтин, А.А.Кибрик, М.Л.Макаров т.б. сынды лингвист ғалымдар, психологтар үлес қосты. «Дискурс» теориясына байланысты нидерланд лингвист ғалымы Тен Адрианус ван Дейктің «Язык. Познание. Коммуникация» (1989), Михаил Львович Макаровтың «Основы теории дискурса» (2003) сынды еңбектері жазылды. Көрсетілген еңбектер дискурс ұғымының жалпы тіл білімінде қалыптасып, дамуына өз септігін тигізді. Дискурс туралы ғылыми зерттеулердің ішінде әр түрлі пікірлер бар. Сол пікірлердің негізінде дискурс теориясының мағынасы ашылып, анықтамалар орын алды.

Қазақ тіл білімінде бұл бағыттың көрінісі ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарынан бастау алды. Алайда, дискурс теориясы «дискурс» деген терминмен берілмесе де, бұл ұғымның көріністері ХІХ ғасырдың көрнекті лингвист-ғалымдары А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов еңбектерінен бой көтерді. А.Байтұрсыновтың «Тіл - құрал» атты еңбегінде, сөйлеу кезінде яғни коммуникативтік қарым-қатынас орын алған жағдайда, айтушы өз ойын тыңдаушысына жеткізерде, көрнекті тілмен, сөз дұрыстығын сақтай отырып айта білсе, сөз өз орнын тауып, айтушы мен тыңдаушының арасында түсіністік орын алады деген ой қорытады. Ғалымның еңбегінде қарапайым тілмен былай өрнектелген: «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білу тиіс. Яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап сөйлемді тізе білуі тиіс... Сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу – тіл қисыны деп айтылады» [1,234], - деп сөйлеу кезіндегі заңдылықтарды көрсетсе, келесі «Сөз талғауында» сөйлеу барысында пайдаланған сөздерге мән береді. Алдымен ғалым шығарма тілінің екі түрлі, яғни ақын тілі мен әншейін тілден құралатынын айтып, екеуінің де сөздің дұрыстығын, анықтығын, тазалығын, дәлдігін талдайтынына көңіл бөледі. Алайда, ақын тілінің әншейін тілден көрнекті, әуезділігімен ерекшеленетінін айтады. Ғалымның ойы ары қарай өз нақышымен сабақталады: «Шығарма сөз өңді, ұнамды болу туралы талғаудың қоятын жалпы шарттары мынау:

1. Сөз дұрыстығы
2. Тіл тазалығы
3. Тіл анықтығы
4. Тіл дәлдігі
5. Тіл көрнектілігі» [1,235-238].

Ғалым осы бес шарттың өзіне тән келісті мен осал тұстарын айта отырып, тіл көрнектілігіне мынадай қорытулар жасайды:

«Сөздің дұрыс, таза, анық, дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекі болуын да керек қылады. Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ. Сондықтан адам сөйлегенде сөзі толық түсінікті болу үшін дерексіз заттарды деректі затша, бернесіз заттарды бернелі затша сипаттайды, жансыз затты жанды заттай ғамалайды. Ақ көңіл, шолақ ақыл, арам ой деу, яки күн бүркіп тұр, найзағай

ойнады, су қайтты деу, я болмаса қазанның құлағы, ошақтың бұты, үйдің төбесі деу дерексіз заттарды деректі затша, жансыз заттарды жанды затша, бейнесіз затты бейнелі затша қалыптау, ғамалдау, бернелеуден шығып, әдетті сөзге айналып кеткен. Мұндай сөздер жалғыз әдетті түрінде емес, әдейі де айтылады» [1,238]. Ғалымның бұл ойы адамды көрнекті, айшықты сөйлеуге жетелейді. Сөйлеу кезіндегі танымдық көзқарасымыз тікелей тіл тазалығымен байланысты екеніне көзіміз жетеді.

Дискурсты, оның түрлерін қатынас мақсатына қарай және оның нақты бір коммуникация үрдісінде вербалды немесе вербалды емес қатынастармен жүзеге асырылуын зерттеу қазіргі тіл білімінде айрықша орынға ие. Дискурс прагматикасы көбінесе драмалық шығармаларда орын алатындығын білеміз. Сол себептен, қарым-қатынастың вербалды және бейвербалды амалдарын драмалық сөйлеу тілінен көптеп кездестіреміз. Қарапайым сөйлеу тілінің құймасы бола отырып, драмадағы сөйлеу тілі мезірет, ишара, тұрыс, жүріс тұрысымен және вербалды сөйлеуді сүйемелдейтін басқа да вербалсыз құралдармен берілетін коммуниканттардың көңіл-күй бейнесін, жан дүниесін, психикалық жағдайын береді. Бейвербалды қатынас құралдары вербалды құралдармен бірге сөйлесімнің жасырын мағынасын жасаушы, әзіл, емеурін білдіру сияқты белгілердің қолданыстарына мүмкіндік жасайды. Яғни, бұл драмадағы сөйлеу тілінің бірқатар арнайы ерекшелігі болып табылады.

Д. Исабеков шығармаларындағы кез келген тілдесім вербалды қатынастағы дискурс прагматикасына мысал бола алады. Ал, бейвербал (ым-ишара) қатынасқа мысал келтіретін болсақ:

Тағай (ұлының жанына кеп маңдайынан сипайды): Ақылды тентегім менің! Әрине! Өмірдегі жұбанышым да, қызығым да, бақытым да, барым да – сенсің [2,14] (Ертеңді күту). Бұл мысалдағы бейвербал амал - автор сөзі. *Маңдайынан сипайды* – автор тарапынан қосылған міндетті бейвербал амал. Міндетті болғаны – әкесінің баласына деген мейірімін тек сөзбен емес, сонымен қатар, іспен де көрсеткендігі артықшылық етпейтіндігін байқатады. Тағы бір мысал:

Алтын: Ах! (Бетін басып жылайды). Бұлай деуге аузың қалай барады... Жасымыз да, кәріміз де ашуды ақылға билете алмайтын болғанбыз ба? (Ертеңді күту). Мұнда да бейвербал амал тек автор сөзі. *Бетін басып жылайды* – кейіпкердің ішкі психологиялық жай-күйін оқырманға жеткізу үшін қолданылған. Егер бұл тіркес болмағанда, адресат берілген ақпаратты мүлдем басқаша қабылдар еді. Мәселен:

Алтын: Ах! Бұлай деуге аузың қалай барады... Жасымыз да, кәріміз де ашуды ақылға билете алмайтын болғанбыз ба? Бұл мысалда мәлімет басқа мәнге ие болған. Яғни, алдыңғы мысалдағы әйелдің күйінуі, нәзіктікке бой алдырып, жылап жібергендігі айтылса, ал мына мысалда тек дөрекі агрессияны ғана байқаймыз. Сондықтан оқырман көңіліне ерекше сезім үстеу үшін автор бейвербал амалды қолдануды жөн деп білді. «Қарғын» романынан алған мысалға назар аударар болсақ:

«Бұл қашан кеп қасыма отырған? Ыстық күнде костюмін шешіп тастаса қайтеді? Маңдайынан аққан терін сұртсе болмас па?» Багила бұл жігітке деген жүрегіндегі жек көру сезімінің кенет жиіркенішке ауысқанын сезіп, қабағын тыржытты. Яғни мәтінде кейіпкердің жиіркеніш сезімі «қабағын тыржиту» амалымен суреттелген. Келесі мысал:

-Имм...түсінбедім, - деді ол сыпайы жымышп. Мәтінде қарапайым бейвербал амалы қолданылып тұр.

-Ғажап!-деді Сәргел басын оқыс шалқайтып, алақанынан шарт соғып. Мәлике оқыс қимылдап күлкісін кілт тиып, оның бетіне бажырая қарады. Мұнда екі кейіпкердің бір мезетте ұқсас әрекеттер жасағанын байқаймыз. Яғни, бұл кейіпкерлердің бірдей уақыт пен кеңістікте тұрғандығын, сол себептен біреуінің жасаған амалы, екіншісінен өз жалғасын тапқанын көре аламыз.

- Қазір күн сайын телефон соғып, ешкінің ірімшігін сұрайды. Ал сіз қымыран сұрайсыз. – Ол тағы күлді. Сәргел намыстанған сыңай танытып, зорлана езу тартты. Бұл мысалда кейіпкердің ішкі ашу-ызадан «зорлана езу тартқаны» айтылып тұр. Автордың «зорлана» сөзін қолдануы мәтінге ерекше экспрессиялық мағына үстейді. Егер автор жай ғана «Сәргел

намыстанған сыңай танытып, езу тартты» десе, онда мәтіннің бояуы солғындау болып қалар еді.

Әйелдер бетін шымшып, еркектер үнсіз күрсінуге болды, қалыңдық түпкі үйге кіріп алып ағыл-тегіл жылады [3,489]. Мәтіндегі «бетін шымшу», «үнсіз күрсінуге» белгілі бір жағдайдың тым ауыр екендігін суреттеп тұр. Бұл көрсетілген бейвербал амалдар қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Яғни, мұндай амалдарды кез келген автордың шығармасынан кездестіре аламыз деген сөз. Бірақ амал қарапайым болғанымен, қабылдаушыға тез әсер ететіні анық байқалып тұр. Себебі, оқырман бұл суреттеуді көз алдына бірер сәтте елестете алады.

- Онда бәріміз құрыдық емес пе,- деп секретарь оған оқты көзімен ата қарады [3,462]. «Оқты көзімен ата қарау» амалы кейіпкердің жеке бас ерекшелігін ашып тұрғандай. Яғни, бұл секретардың бойындағы қандай да бір қаталдықты білдіреді. Болмаса бұл қаталдықтың дәл сол мезетте пайда болғандығын көрсете алады. Сонымен қатар, бейвербал амалдың жағдайға байланыстылығы тағы бар. Оны секретардың өзінің сөздерінен көреміз:

Ол орнынан тұрып, кабинет ішінде екі қолын артына ұстап қалай сенделіп кеткенін өзі де сезбей қалды [3,457]. Бұл бейвербал амал кейіпкердің сыртқы образын ашып тұр. Сонымен қоса, ішкі дүниесінен де құр қалдырмайды. Яғни, бұл бейвербал амалдың прагматикалық сипаты айқын көрініп тұр. Кейіпкердің қобалжыған күйін, кабинет ішінде ары-бері жүргендігін біз сөзсіз-ақ түсініп отырмыз.

Сонымен, ишара, ым, интонация, реплика, тон, дауыс тембрі арқылы өзара түсіністікке жол ашылып, тілдік қарым-қатынастың ойдағыдай болуына ықпал етеді. Тыңдаушы сөз мәніндегі тұспалды аңғаруы шарт, сөйлеушінің не аңғартқысы келетінін аңдауы керек. Сөйлеушінің коммуникативтік қатынасын тыңдаушының аңғара білуі диалогтің ойдағыдай өтуін қамтамасыз етеді. Коммуникативтік интонация мәтінге, вербалды деңгейге дейін, яғни сөз тыңдаушыға жеткенге дейін қалыптасады.

Адамның коммуникативтік іс-әрекетінің екі формасы (дискурс және мәтін) бар дедік. Сөздің, сөйлеудің осы екі түрінде әртүрлі тәжірибе жатыр: ауызша сөйлеу (дискурс) тәжірибесі негізінен диалог түрінде іске асса, жазбаша сөйлеу тәжірибесі монолог ретінде жүзеге асады. Диалог түрінде іске асқан **дискурсивті талдауға** Д. Исабеков драмалық шығармалары мысал бола алады. Мысалы:

Құлахмет (ол қызыл алмаларды себетке салып, жинап жүр): Сапар, бері келші (Сапар оған жақындайды). Қалай ойлайсың, мына алмалар менің көгершіндерім келгенше бұзылмайды ғой, ә?

Сапар: Әрине, әрине, бұзылмайды.

Құлахмет: Алматының апортын ұзақ сақтауға болады емес пе?

Сапар: Болады. Бір жыл сақтауға болады. Менің бір досымның апасы бақтағы ең соңғы алманы үзіп алып, сақтап қойыпты. Баламды аман-есен көретін болсам, осы алма бұзылмайды деп ырым етіпті. Үш жылдан соң баласы әскерден келгенде, сарайдағы сандығынан алманы алып беріпті.

Құлахмет (ерекше қуанып): Көрдің бе, көрдің бе мейірім деген адамға не істетпейді. Есіңде болсын, ол алманы аман сақтаған ешқандай өзге құдірет емес, мейірім. Ананың балаға деген мейірімі! Жұрттың бәрі перзентін жақсы көреді. Ал, жаңағы сен айтқан ананың махаббаты солардың бәрінен артық, бәрінен өзгеше. Сонан соң да сандық түбіндегі алма үш жыл бойы бұзылмай жатқан. Мен де ең қызыл, әдемі алмаларды көгершіндерім келгенше мұрты бұзылмастай етіп сақтап қоямын [2,157] (Алыстан келген ананас). Мәтін өте әсерлі, адам сезімінде ерекше ұғым туғызады. Біз талдауға нысана еткен үзіндіде мынадай сипатта көрініс тапқан үш сөйлеуші бар: 1) автор, 2) Құлахмет, 3) Сапар. Сөйлеушінің негізгі мәндік тапсырмасын орындауда екінші, үшінші қатысушыларға тіл бітірген, бұл дискурс мәні қабылдаушыларда (оқырмандарда) бұрыннан бар білімге сүйенілген. Жалпы, екінші және үшінші адресанттар жай ғана сандық түбінде үш жыл бойы бұзылмай сақталған алма жайын емес, ананың баласына деген ыстық махаббатын, ананың мейірімге толы жылы жүрегі туралы адресатқа хабар береді. Келесі мысал:

Кереев: Туһ, сендерді жетектеген адам да жетісе қоймас. Слушай, Саттаровтың соңғы кездегі тым белсенділігі жоғары жаққа да ұнап жүрген жоқ...

Байжанов: Солай дейді... Қазір ауылдық совет пен жұмысшылардың арасы ушығып тұр.

Кереев: Неге?

Байжанов: Саттаров ауылдық советтің жұмысына араласып, жыл сайын елден жиналатын ет пен сүтті елу процентке кемітіп тастады.

Кереев: Мен оған тиым салғаным қайда?

Байжанов: Оны тыңдайтын түрі жоқ. Айтып көріп едім қолын бір-ақ сілтейді.

Кереев: Қолын сілтейді?

Байжанов: Им...Иә, қолын сілтейді [2,297] (Аралдағы адамдар).

Бұл диалогтық мысалда екі сөйлеуші бар: 1) Кереев; 2) Байжанов. Жалпы, кез келген мәтінді дискурстық талдауда сөйлеушілер мінезіне мән берілу керек деген ойдамыз. Мәселен, мына екі адресанттың жағымсыз кейіпкер екендігін диалог барысында байқадық. Сонымен қатар, диалогтың басты дискурстық мәні оқырманға Саттаров деген адамның рухани ерекшелігін екі қатысушы арқылы көрсету болды. Мәселен, диалог бойында Саттаров үшінші адресант ретінде көрінбесе де, екі сөйлеушінің диалогы арқылы оның өте мейірбан, өз ұлтына жанашыр, халқына адал адам екендігі байқалады. Бұл диалогты дискурс тек Саттаров бейнесін емес, сол кездегі қарапайым қазақтың бейшара кейпін де танытады. Алайда, оқырман үшін Саттаровтай азаматы бар халықты ешкім де, ештеңе де жеңе алмайтындай боп көрінеді. Жалпы, мұндай прагматикалық элементтерге толы диалог оқырманға үлкен әсер ете отырып, оны психологиялық тұрғыда тәрбиелейді. Бұл берілген сөйлеу дискурсының ерекшелігі сөйлеушінің экспрессивті эффект тудыру арқылы адресанттың назарын өзіне аударып, қызықтырып отыру. Сөйлеушіні, оған тыңдаушының эмотивті реакциясы диалогтің дұрыс ахуалда өтіп жатқаныдығын көрсетуі. Сол себептен, тыңдаушы тосын тәсілмен, бедерлі тілмен берілген ақпаратты ден қоя тыңдайды. Бұған мысал ретінде Д. Исабековтың адамгершілік, жан жылуы тақырыбына арналған «Әпке» пьесасынан үзіндіні алдық:

Нәзила: Өмір көрсетер оны. Жалпы, жалынды сөйлеген адамнан күдіктенемін. Өйткені, олар көп ретте жалған айтады. Меніңше, бақыт деген – сөз бен істің бірлігі, демек, жалған сөйлемеу. Біз дастарқан басында ғана ақылдымыз, дастарқан басында сұлу сөйлеуді әбден меңгергенбіз. Ал өмірде сол айтқанымыздың бірден-біреуін орындай алмаймыз. Сөзіміз бен ісіміз ашақ. Бұл бақыт емес, сор.

Светлана: Бұл сіздің өмірден түйген философияңыздан гәрі бізге деген күдігіңізге көбірек ұқсайтын сияқты. Әңгіме жаңалық ашуда емес. Менің атам 1918 жылы Ақтөбеде ақтармен шайқаста қаза тауыпты. Баламның бақыты үшін депті. Баласы, яғни, менің әкем, Отан соғысында Сталинград түбінде белгісіз тәмпешік болды. Балаларымның бақыты үшін деп мерт болыпты. Енді...енді біз неге бақытты тұрмыс құрмаймыз. Бүтін бір-екі ұрпақ зұмырын қизанда келмейтін ол не деген бақыт?

Кез келген диалог пьесадағы тартысқа қатысушы адамдардың алуан мінезін, көзқарасын, мақсатын айқын танытатындай мағыналы да көркем болуы керек. Өйткені драмалық туындыда автор басқа жанрлардағы шығармадағыдай оқиғаларды өзі баяндап, әңгімелеп, кейіпкерлеріне мінездеме беріп отырмайды. Драматург адам мінезін де, тартысты да, бейнелеп отыраған өмір шындығын да тек пьеса кейіпкерлерінің сөзі арқылы ғана көркем танытады. Мысал ретінде алынған диалог кейіпкерлерінің өзіне тән мінезі, сөйлеу ерекшелігі бар екендігі айқын аңғарылып тұр. Мәселен, диалогта кездесіп тұрған бірінші сөйлеуші Нәзиланың ерке, тікмінезді, тура сөзді екендігін байқадық, ал екінші сөйлеуші Светлана – білімдар, оқыған, ақылды қыз.

Жазушы-драматург тартысқа құрылған оқиғаны дәл жеткізу мақсатында кейіпкерлердің психологиялық көңіл-күйін беретін экспрессивтік тілдік құралдарды, қанатты сөздерді, мақал-мәтелдерді де ұтымды қолданған. Кейіпкерлердің сөйлеу тілінде иллюкутивтік күші басым, прагматикалық ықпалға тола сөйлеу актілерінің барлық түрлері де

кездеседі. Қос мақсатты сөйлеу мақсатты сөйлеу актілері де бар. Кейіпкерлердің осы диалогтық тұтастығындағы жауап репликаларынан біз олардың ашу-ызасын, бір-бірлерін кінәлауды, жазғыру, бұйыру, кекесінді де байқаймыз.

Жоғарыда көрсетілген мысалдардан дискурсты адамдар арасындағы ауызша тілдік қатынас деп қарастырғанды жөн көрдік. Бұл жайлы Ф.Ш. Оразбаеваның «Тілдік қатынас негіздері» атты еңбегінде: «Тілдік қатынас – ойлау мен сөйлеудің қатысы арқылы тілдік тұлғалардың таңбалық жүйесі мен дыбысталу қасиеті нәтижесінде жүзеге асатын, қатысымдық тұлғалардың семантикалық бірлігі мен байланысу заңдылықтары арқылы берілетін, адамдардың өзара түсінісуін қаматамасыз ететін, тек адамзатқа ғана тән күрделі тілдік қоғамдық-әлеуметтік процесс», - деген нақты қорытынды пікірін тілге тиек ете аламыз [4,55]. Расында да, біз берген мысалдардан тілдік қатынасқа түсуші тек қана адамдар және де олардың белгілі бір тілдік тұлғалар арқылы қатынасқа түсуіне әлеуметтік жағдайлар ғана себепші бола алатындығын тағы көрдік.

Түйіндей келгенде, қазіргі қазақ тіл білімінің жетекші бағыттарының бірі – дискурсты талдау. Ол логика, психология, философия, әдебиеттану, әлеуметтану сияқты шектес салалармен тығыз байланыста. Дискурс ұғымына адамдардың ментальды ойлау дүниесімен байланысты әлеуметтік- психологиялық сипаттағы категория ретінде түсінік беру дискурс теориясының тілдің антропоцентристік парадигмасымен жақын екендігін көрсетеді, себебі дискурс – сөйлеуші субъектінің мақсаттық коммуникативтік әрекеті, тек дискурсивті әрекет үстінде пайда болатын дүниені көруі және тануы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Алматы: «Сардар» баспасы, 2009. – 348 б.
- 2 Исабеков Д. Таңдамалы шығармалар. – Алматы. 1994, - 405 б.
- 3 Исабеков Д. Таңдамалы шығармалар. 2 том – Алматы. 1993, - 496 б.
- 4 Ф.Ш.Оразбаева. Тілдік қатынас негіздері. Алматы, 2005,- 147б.

ТУЫСТАС ТІЛДЕРГЕ ОРТАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ҚОР ҚҰРУ МӘСЕЛЕСІ

Амандықов Олжас Мейрамұлы

olzhek-1994@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті «БМ020500» - Филология: қазақ тілі» мамандығының
магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Г.Б.Мамаева

Түркі тектес халықтар арасында ортақ терминқор жасау мәселесін өткен ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ұлт зиялылары көтеріп кеткен болатын.

Тарихқа үңілсек, 1924 жылдың 12-17 маусымында Орынборда қазақ- қырғыз ғылым-білім қызметкерлерінің тұңғыш съезінде терминологияны дамыту мәселелері сөз болғанын білеміз. Бұл басқосуға Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Нәзір Төреқұлұлы, Елдес Омарұлы, Телжан Шонанұлы бастаған Алаш зиялылары мен Ишанғали Арабайұлы бастаған қырғыз оқығандары қатысқан болатын. Съезде Елдес Омарұлы «Қазақша пән сөздері» тақырыбында баяндама жасап, соның негізінде терминологияны дамыту қағидаттары бекітілген. Съезд бекіткен қағидаттардың екіншісі бойынша «Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздері (терминдер) басқа түрік халықтарынан ізделсін, басқа түрік тілінде пән сөздері жалпы түрік сөздері болып, жат тілдің әсерінен аман болса, ондай сөздер жатырқамай алынсын» делінген қаулы қабылданған еді. Кейіннен мәселенің мәніне терең үңілген Алаш зиялылары 1926 жылғы 26 ақпан мен 6 наурыз аралығында Баку қаласында I түркологтер съезін өткізіп, оған көптеген түркітілдес